



«Бекітемін»
Мектеп директоры

Б.Т.Такиров

« 04 » « 09 » 2022ж

«Келісемін»

Директордың тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары

Ж.Ж.Төлеубаева

« 04 » « 09 » 2022ж

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша
білім бөлімінің «А.Байтұрсынов атындағы орта мектебі» Коммуналдық
мемлекеттік мекеме

*Дебат үйірмесінің
күнтізбелік жоспары*

Үйірме жетекшісі: Б. Табиев

Түсінік хат

Дебат үйірмесі түрлі өнер салаларының тарихи даму сатысындағы өзара байланысын көрсете отырып, өнердің адам мен қоғам қалыптасу кезеңіндегі маңыздылығын тарихи сипатта қарастырады. Материалдарды меңгеру барысында оқушылардың: шешендік сөз өнер туындылардың біртұтастығын, даралығы мен жалпылығын нақты тарихи фактілер негізінде танып-білуге; өз елінің саясаты мен мәдениетін білу арқылы, жанашыр және саналы азамат болуға; жеке саясат саласының мәселелерін және оны зерттеушілердің түрлі көзқарастарын талдау арқылы, өзінше жауап іздеу және қазіргі деректер мен ақпараттарды өз бетінше зерттеуге, оларға сыни қарап және өзінше жауап іздеуге, талдай білуге деген ынтасын туғызуға бағытталады, соның барысында оқушылар: дүниежүзлік саясат пен дебат тарихының негізгі кезеңдері туралы түпкілікті түсініктер қалыптастыру; негізгі тарихи айғақтарды, даталарды, оқиғаларды, қайраткерлердің өнер саласында алатын орнын анықтай білу; дебат ғылымының әдістерін тарихи салыстыру, меңгеріп, бұрынғы өткен және қазіргі фактілерді талдау, салыстыру және жалпылай білу; тарихи оқиғалар мен құбылысты, тұлғаларды бағалай алу; деректермен, әдебиеттермен, құжаттармен, картамен, статистикамен, материалдармен жұмыс жасай отырып: кейс, бағдарлама, контрфакт, анализ, синтез, дедуктивтік және индуктивтік әдістерді қолдануды үйренеді.

Жұмыстық оқу бағдарламасын іске асыру барысында мынадай дидактикалық және көрнекті құралды қолдану ұсынылады: диапозитивтер, бейнефильмдер және аудиожазбалар, газеттер мен журналдар.

Дебат үйірмесінің мақсаты:

Қазақстан Республикасындағы зайырлы мемлекеттілікті жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, оқушылардың әлемдік танымын қалыптастыру, қоғамдық және саяси мәдениет және жеке құқық танымын жоғарылату. Бағдарламаны құру, әдістемелік жүйені қолдану және оны сабақ барысында жан-жақты қарастырудың негізгі мақсаты оқушыға шешендік өнер туындыларының түрлерін кешенді түрде жеке тұлғаны дамыту, эстетикалық тәрбие беріп, саясат саласындағы ой-өрісін және дүниетанымын кеңейту. Оқытудың негізгі мақсаты саяси көзқарасты қамти алмайтын оқушыларға мемлекет және саясат теориясының негіздерін меңгеру, ішкі және сыртқы саясат жетекші салаларының шеңберінде қажетті білім алу.

Бағдарламаның міндеттері:

- ✓ Саяси ой кешудің тарихи типтерін мәдениет кнотекстінде талдау;
- ✓ Дебат сайысының ережелерімен таныстыра отырып, олардың ішкі жан дүниесіне ақыл-ой тәрбиесі тұрғысынан әсер ету;
- ✓ Оқушыларға саяси құндылықтарға деген құрметті тәрбиелеу;
- ✓ Рухани және материалдық сөз мәдениетін өз бойына сіңіруге көмектесу;
- ✓ Пән мазмұнын оқушылардың оған деген қызығуын тойғаратын бұрынғы идеологиялық жүктемеден, догматикалық штамптар мен клишелерден азат ету;
- ✓ Қоғам өміріндегі мемлекет пен саясат орны мен ролін анықтау;
- ✓ Қазақстан Республикасының саяси жүйесінің дамуының алғышарттарымен және мәселелерімен таныстыру;
- ✓ Қазақстандық мемлекеттік саясат механизмінің жетілдіруінің қоғамдық жолдарын анықтау;
- ✓ Субъективтік құқықтар мен субъективтік көзқарастар міндеттерді жүзеге асыруға қажетті тәжірибені жинақтауға үйрету.

Не білу керек:

- ✓ Дебат дегеніміз не?
- ✓ Кейс құрудың үш негізгі типі
- ✓ Дебат ережесі мен заңдылықтары
- ✓ Дебаттың негізгі функциялары
- ✓ Дебаттың тарихи типтері және олардың жалпы анықтамасы
- ✓ Заңды болмыстың негізі ретінде – әлем болмысы, адам, қоғам, сана.
- ✓ Дебат – ақиқаттың және адасудың, танымдық іс-әрекеттің негізі.
- ✓ Қарама-қарсылық дамудың білімі ретінде, адамның рухани-тәжірибелік әдісінің жалпы көрінісі ретінде.
- ✓ Дебат қоғамның дамуы туралы білім ретінде, оның табиғатпен байланысы ретінде.
- ✓ Дебат рухани өмірін, қоғамның өзектілігін, көпшілдік, элитарлық және индивидуалдық сананы.

Оқытуға білім керек:

- ✓ Саясат мәселелеріне өзінің ойын айта білу;
- ✓ Дискуссияларға қызыққанды қатысы білу;
- ✓ Дебат турнирлеріне қатысып, өз ойын, көзқарасын қорғай алу.

«Дебат» бағдарламасының мазмұны: Кіріспе. Дебат дегеніміз не? Тіл сауаттылығын арттырып, сөйлеу әдетіне үйрету үшін сабақта пайдаланылатын әдістердің бірі – пікір-талас сабағы (дебат). Бұл әдістің мақсаты – лексикалық тақырыптарда оқушылардың немесе тіл үйренушілердің білімдерін кеңейту. Дебат немесе пікір-талас әр түрлі контекстке орай сыни тұрғыдан ойлау немесе іскер ойын ретінде ұғынылады. Пікір-талас – дидактикалық ізденістің маңызды саласы. Дебат бағдарламасы тыңдармандарды пікір-талас үрдісіне тарту арқылы интеллекттің даму технологиясын ұсынады. Пікір-таласқа түсушілердің мақсаты, әдетте, даулы проблемалар бойынша қандай да бір позицияны қорғап, өзге позицияны теріске шығаруды көздейді. Дебат ойынының негізгі элементтері, ережелері. Жастар пікір-сайысының арнайы құрылымы, ережесі бар, тақырып аясы мен уақыты шекеулі. Пікір сайыстырудың әзірге бірнеше түрі бар. Олар: Мектеп оқушыларына арналған Карл Поппер дебатының бағдарламасы. Студенттерге арналған Американдық Парламенттік Дебат және Битандық Парламенттік формат Линкольн-Дуглас форматы.

Әдебиетпен жұмыс жасау жолдары. Сабақтарда пікір-сайыс әдістемесін түрлендіре пайдалану кітапхана материалдарын ұтымды әдістемелерін табуға, ізденуге және жетілдіруге көмектеседі.

Парламенттік дебат. Пікір-талас оқушыны кез-келген тақырыпқа жан-жақты (мәселенің позитивтік-негативтік жағын) қарауға үйретеді; Американдық Парламенттік Дебат және Британдық Парламенттік Дебат Белгілі бір фактілерді зерттеуге, болжауға, жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын ашық та жүйелі етіп дәлелдеуге және өз бағытын дұрыс ұсынуға жетелейді; Қарсы пікірдегі адамдардың қойылған мәселелерін жан-жақты қарап, ойланып толғануға көмектеседі; Тіл үйренушінің сөйлеу дағдысын қалыптастырады; Сабақ барысында әрбір тіл үйренуші өз көзқарасын айтуға машықтанады; Кез-келген тіл үйренушінің тілге деген көз-қарасы мен қызығушылығы қалыптасады.

Саяси форматтың ережелері. Қарар және кілт сөздер. Пікір-талас – ең алдымен, әрбір жеке тұлғаға жас демократиялық қоғамның мүшесі ретінде қоғамның саяси дамуын түсіну және өз сенімін дәлелдеу үшін ең қажетті құрал болып табылады. Сондай-ақ, адамды жүйелі, әрі қысқа да нақты сөйлеуге тәрбиелейді, шешендік дағдысын жетілдіруге де септігін тигізеді. Пікір-талас адамды өз өміріне, қоршаған ортасына сын көзбен қарауға үйретеді. Соған қоса, зерттей білу, ұйымдастыра білу, тыңдай білу және дәрісті жаза білу дағдыларын қалыптастыруға пікір-таластың маңызы ерекше.

Мәселенің өзектілігін табуды үйрену. Дебат интеллектуалдық ойынының ерекше құрылымы, ережесі және шектеуі бар. Бейресми пікір-сайысты біз күнделікті бақылаймыз. Басшы мен бағынушылар айтысады. Әр түрлі конференция өкілдері айтысады. Әр түрлі саяси партия мүшелері айтысады. Құдайға сенушілер мен атейистер айтысады. Дүкенде, телестудияда әр түрлі мәселелер мен сұрақтар төңірегінде адамдар айтысады. Айтыс – бұл өнер. Пікірсайысшыларға жоғары интеллектуалдылық міндет болып табылады.

Өзектілік пен себептер. Мысалға, АҚШ мектептерінде пікір-сайыс командасы айтулы жеңіске жетпей-ақ қатысса оқушыларға 4 қосымша рейтинг қосылады, (бұдан жоғары 5 спорт командасының капитаны немесе сынып президенті ғана ала алады, ал мектеп газетінде немесе рок топта қатысу тек 3 рейтинг қосады), ал мемлекеттік немесе штаттық деңгейде жеңіс 22-30 рейтинг қосады. Жоғарыда көрсетілген екі сипаттама пікір-сайысқа қатысудың алғышарты болып табылады, бірақ пікірсайысшыларды қосатын негізгі фактор – ол ойынның өзі, мысалы белгілі бір ерекше жағдайда бірге болу сезімі, басқа әлемнен бөлек немесе ерекше нормада, маңызды нәрсемен айналысу, бұл сезім әсері ойыншылардың бойында нақты ойынның шеңберінен тыс уақытта да сақталады. Механизм құру негізі. Нәтижелік жүйесі.

Кейс кешені. Күнделікті өмірдегі пікір-талас ресми пікір сайыс емес. Ресми пікір-таластың арнайы құрылымы, ережесі бар. Мәселен, оқушы немесе студент анасымен бір жакқа бару туралы рұқсат сұрап және оның қажеттілігін дәлелдеп, өз пікірін немесе көзқарасын айта алады (уақыты шектеусіз), ал ресми пікір сайысында әрбір оқушы немесе студентке өз ойын айтып дәлелдеуге тек қана 10 минут беріледі.

Құндылық форматтың ережелері. Кез-келген топтармен пікір-талас өткізуге болады. Тақырып таңдаған кезде де мұқият болған жөн. Таңдалып алынған тақырып оқушының немесе студенттің бір бірімен пікір таластыруына ыңғайлы болғаны жөн. Мысалы «Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне күштеп үйрету қажет пе?», «Қазақ халқының салт-дәстүрлерінің бүгінгі бейнесі», «Абайдың қара сөздері

және бүгінгі өмір», т.б. Міне, осы сияқты сабақтарда оқушылар өз ой пікірлерін жеткізуге, тілін дамытуға дағдыланады.

Қарардың ерекшелігі. Қазіргі таңда пікіп-талас (дебат) кез-келген оқу орындарында жетілдіріп, негізгі әдістердің көзі ретінде пайдалануда. Құндылық форматта көбінесе қарарды екі жақты түрде қолданады, яғни сараптама жақтау немесе даттау жақтары болады.

Статистикалық ақпарат түрлері. Құндылық форматтағы статистикалық ақпарат қарар сияқты екі жақты жағдайды дәлелдеуге арналған ақпаратқа негізделіп жасалады.

Кейс философиясы. Бұл құндылық форматтағы кейстің тірегі деп атауға болады. Себебі дәйек пен дәлел және статистикалық мәлімет арасындағы біріктіруші көпір, яғни топтың көзқарасын айқын көрсететін негізгі элемент болып саналады. Философия түрлері. Негізгі элементтері.

Дәйек түрлері. «Қарарды немен дәлелдеу керек?». 2-4 сөйлемнен тұрады. Негізгі талаптары: түсініктілік, айқындылық, дәлдік. Айқындылық теориясы.

Дәлел. Оның маңызы. Нәтиже. Факт – жасалған, өз мәресіне жеткен. Яғни берілген дәйекті толық мағынада ашушы.

Құндылық форматы бойынша альтернативті кейс ұсыну жолдары. Қарсы пікірдегі адамдардың қойылған мәселелерін жан-жақты қарап, ойланып толғануға көмектеседі. Парламенттік дебат кезіндегі анализ түрлері. Тотальдық соғыс. Топтастыру әдісі. Жинақтау әдісі. Таңдау әдісі. Көпшілік немесе жаппай жауап қайтару әдісі. Сұрақ қою шарттары. Анықтама. Сұрақ түрлері. Стратегиялық жолдар.

Клуб жұмысының мазмұны:

Оқып-үйрену объектісі мен жаңашылдығы: оқу пәнінің объектісі мәдени-тарихи дамуында және қазіргі жан-күйінде алынған рухани өндірістің ерекше формасы ретіндегі дебат болып табылады. Оқып-үйрену объектісінің құрамына дүниежүзілік және отандық саясаттың ішкі бірлігінде алынған негізгі бағыттары мен мәселелері кіреді. Дебат негіздері – бұл адам болмысының іргелі принциптері мен негіздері туралы, адамның табиғатқа, қоғамға және барлық негізгі көріністерінде алынғандағы рухани өмірге қарым-қатынасының ең жалпы мәнді сипаттары туралы білімдер жүйесін қаузытайтын дүниені танудың айырықша формасы.

Оқып-үйренудің әдістері: дебат негіздері курсы оқыту және оқушылардың оқып-үйрену процесінде негізгі сабақ әдістер мен принциптер қолданылады:

- Тарихилық пен логикалықтың бірлігі принципі;
- Мәдени-тарихилық принципі;
- Мәдени-релятивизм әдісі;
- Абстрактылықтан нақтылыққа өрлеу әдісі;
- Дебат компаративистика әдісі және басқалары.

Дебат үйірмесінің тақырыптық жоспары
34 сағат

№	Бөлімдер мен тақырыптар атауы	теория	практика	сағат саны	мерзімі
1	Кіріспе. Дебат туралы жалпы ұғым.	1		1	04.09
	Дебат – саяси ойын ретінде				
2	Дебат принципі	1	1	1	11.09
3	Дебаттың басты элементтері	1	1	1	18.09
	Дебат ойынының формат түрлері				
4	Карл Поппер форматы	1	1	1	25.09
5	Саяси формат	1	1	1	02.10
6	Американдық-парламенттік формат	1	1	1	09.10
7	Британдық-парламенттік формат	1	1	1	16.10
8	Линкольн-Дуглас форматы	1	1	1	23.10
	Құндылық кейстің негізгі элементтеріне шолу				
9	Қарар және оның түрлері	1	1	1	30.10
10	Кілт сөздерді анықтау жолдары	1	1	1	20.11
11	Status quo және оның типтері	1	1	1	27.11
12	Философияның маңыздылығы	1	1	1	04.12
13	Дәйек және оның түрлері	1	1	1	11.12
14	Дәлелдеудің басты қағидалары	1	1	1	18.12
	Механизм негізінде құрылған кейс элементтеріне шолу				
15	Механизм және бағдарламаның айырмашылығы	1	1	1	25.12
16	Статистикамен дұрыс жұмыс істеу ережелері	1	1	1	15.01
17	Мәселенің өзектілігі	1	1	1	22.01
	Дебат ойынының үш қарсылық принципі				
18	Уақыт лимиті және оның сақталуы	1	1	1	29.01
19	Ойыншының жеке басқа қол сұғушылығын болдырмау жолдары	1	1	1	05.02
20	Жаңа аргумент енгізбеу принципі	1	1	1	12.02
	Ойынға сараптама жасау түрлері				
21	Вертикальды сараптама	1	1	1	19.02
22	Горизонтальды сараптама	1	1	1	26.02
23	Қарсылық нүктелері бойынша сараптама	1	1	1	05.03
	Сұрақ қою түрлері				
24	Альтернативті сұрақтар	1	1	1	12.03
25	Бағыттаушы сұрақтар	1	1	1	19.03
	Альтернативтік кейс түрлері				
26	Құндылықты альтернативті кейс	1	1	1	02.04
27	Механизмдік альтернативті кейс	1	1	1	09.04
28	Бағдарламалық альтернативті кейс	1	1	1	16.04
29	Бағдарламалық альтернативті кейс	1	1	1	23.04
	Дебаттың қосымша ережелері				
30	Тайм-кипер және оның міндеттері	1	1	1	30.04
31	Спикерлердің міндеттері	1	1	1	07.05
32	Дебаттың басқа ережелері	1	1	1	14.05
33	Дебат үйірмесінің нәтижесі, пікір талас	1	1	1	22.04
34	Оқып үйренудің әдістері	1	1	1	29.04
35	Қайталау	1	1	1	22.05
36	Қорытынды	1	1	1	22.05

Пайданылатын әдебиеттер және негізгі оқу құралдары (үйірмешілер үшін):

1. Браншинкин В.Н. «Практический курс логики для гуманитариев», «Новая школа», 1996 г.
2. Гетмалова А.Д. и др. «Логика» 10-11 класс, Москва, Дрофа, 1995 г.
3. «Дебаты». Международная ассоциация «Дебаты» имени Карла Поппера г. Биробиджан 1999 г.
4. Ресурсы Интернет.
5. Архипова Н.Г., Куроедова М.А. «Риторика» учебно-методическое пособие. Благовещенск 2000 г.
6. «Сборник авторских программ дополнительного образования детей» Москва «Народное образование» 2002 г.

Дебат үйірмесіне қатысатын оқушылар тізімі:

1. Жумашова Айдана
2. Жанболатұлы Сұлтан
3. Ықласбекұлы Ералы
4. Сейтбеков Аслан
5. Серіков Саят
6. Ерлан Сұңқар
7. Маутбекова Айзере
8. Амангельдинов Нұржан
9. Амантайқызы Айша
10. Дауітбекова Ақбота

Үйірме жетекшісі



Б. Табиев